

## "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасы заңының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 маусым N 552 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 356 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.04.2014 № 356 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" 1993 жылғы 13 қаңтардағы N 1873-ХІІ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.07.22. N 771 қаулысымен.

3. Алматы, Талдықорған, Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету туралы Ережеге сәйкес және жергілікті жағдайды ескере отырып, шекара аймағындағы шекаралық режим туралы шекара әскерлерімен келісілген шешімдер қабылдасын . Карантинді орындау, сондай-ақ шекара нарядтары мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нарядтары қызмет атқаратын шекара аймағының шекарасын қажетті белгілермен және нұсқағыштармен жабдықтау жөнінде мүдделі шаруашылықтардың, органдар мен мекемелердің шаралар жиынтығын жүзеге асыруын қамтамасыз етсін.

4. Шекара маңындағы аудан әкімдері, Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының шекара әскерлерімен бірлесе отырып, шекара аймағындағы елді мекендерде, әуежайларда, темір жол және автомобиль стансаларына паспорт ережелері сақталуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың шекара аймағына келуіне, уақытша тұруы мен орын ауыстыруына ұдайы бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету туралы Ережеде көрсетілген министрліктер мен ведомстволардың басшыларына " Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы Ережеде көзделген нұсқауларды, тізбелерді,

ережелерді және басқа нормативтік актілерді 1993 жылдың аяғына дейін әзірлеп,  
б е к і т у м і н д е т т е л с і н .

Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің бас басқармасы:

- жүзу құралдарын (мұзда жүріп-тұру құралдарын) кеме аялдамасынан (тіректену орындарынан) шығаруға (түсіруге) және жүзу құралдары мен мұзда жүріп-тұру құралдарының осындай аялдамаларын, айлақтарын және тіректену пункттерін жабдықтау тәртібіне арналған құжаттарды ресімдеу тәртібі туралы н ұ с қ а у д ы ;

Мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттеріндегі режимді (шекаралық, кедендік) регламенттейтін ережені мүдделі министрліктердің және ведомстволардың келісуімен әзірлеп, 1993 жылдың III тоқсанында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

6. Қазақстан Республикасының шекара әскерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету мүддесі үшін әскери-қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың әуе кемелерінің ұшуын, республиканың аумағындағы азаматтық және әскери авиация әуежайларын пайдалануын Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Қазақ азаматтық авиация басқармасы, Қорғаныс министрлігі, Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология бас басқармасы белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, басқа да мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының ТМД-ға қатысушы көршілес мемлекеттермен мемлекеттік шекарасын құқықтық ресімдеу туралы мәселені алдын ала пысықтап, екіжақты шарттардың жобаларын әзірлесін және оларды келісу үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс ететін б о л с ы н .

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын шет мемлекеттерге, ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге белгіленген тәртіп бойынша жеткізсін.

8 . М ы н а л а р д ы ң :

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 25 наурыздағы N 141-23 қ а у л ы с ы н ы ң ;

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 14 қаңтардағы N 30-1 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 30 маусымдағы

Бекітілген

## **Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету туралы ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі ш а р а л а р д ы а й қ ы н д а й д ы .

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және өзге де мүлікті өткізуді Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес шекара әскерлері жүзеге асырады.

2. Қазақстандық және шетелдік әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының ұшып шығуына және олардың Қазақстан Республикасына ұшып кіргеннен кейін қонуына шекара әскерлерінің бақылау өткізу пункттері жоқ әуе жайларда (әуе кемелері тұрақтарында) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің рұқсаты болғанда ғана жол беріледі.

Қазақстандық әуе кемелері бақылау-өткізу пункттері жоқ әуежайлардан (әуе кемелері тұрақтарынан) арнаулы халықаралық рейстерді орындаған кезде, сондай-ақ шетелдік, қазақстандық және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің әуе кемелері белгіленбеген жерлерде қонуға мәжбүр болған жағдайда, мұндай кемелерді бақылауды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдары әуежайлардың (әуе кемелері тұрақтарының) әкімшілігімен немесе авиация бөлімдерінің командалықтарымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Көлік министрлігі мен Қорғаныс министрлігі бекітетін арнайы нұсқамалар негізінде жүзеге асырады.

3. Шетелдік әскери корабльдер мен әскери "көмекші кемелер, егер халықаралық шарттарда (келісімдерде) өзгеше көзделмесе, бұл жөнінде алдын ала шекара әскерлерін хабардар етіп", Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімі бойынша және Қорғаныс министрлігінің рұқсаты бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын басып өте алады, Қазақстан Республикасының ішкі сулары мен порттарына, шекаралық өзендерінің Қазақстандық бөлігінің сулары мен өзге де су қоймаларына ене алады және бұл с у л а р д а б о л а а л а д ы .

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің шекара әскерлері бөлімдерінің теңіз

кемелері осындай сулардан тысқары жерлерде басталған мемлекеттік шекараны бұзушыларды іздеуге, заңсыз балық аулау әрекетін тоқтатуға байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасының аумақтық теңізі мен ішкі суларына кіріп, оларда бола алады, бұл жайында Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің бөлімдеріне мәлім етіледі.

Шетелдік әскери емес кемелер мен әскери корабльдер Қазақстан Республикасының аумақтық теңізі мен ішкі суларында жүзгенде және болғанда радио байланысы ережесін, навигациялық, порттық, кедендік, санитарлық және өзге ережелерді сақтауға міндетті.

Шетелдік әскери емес кемелер мен әскери корабльдер Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінде, ішкі суларына кіруге мәжбүр болған жағдайда немесе бұл суларда жүзу мен болу ережелерін мәжбүрлікпен бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының жақындағы портының әкімшілігіне дереу мәлім етуге міндетті.

4. Шекаралық, кедендік, сондай-ақ санитарлық-карантиндік, мал дәрігерлік және фитосанитарлық бақылауды, Қазақстан Республикасынан көркем, тарихи және басқа да мәдени құндылықтардың әкетілуіне бақылауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мәдениет министрлігі, Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері тиісінше шекара әскерлерінің бақылау-өткізу пункттерін, кедендік, санитарлық-карантиндік, мал дәрігерлік, фитосанитарлық және өнертанымдық мекемелері (бақылаушылар топтарын) құрады.

Шетелдік иегерлердің иелігіне жататын жүк автокөлігі экипаждары мүшелерінің Қазақстан аумағы бойынша жүк тасуға рұқсаттары болуын бақылауды, осы жүк автокөлігінің Қазақстан Республикасына келуі немесе Қазақстан Республикасынан кетуі кезінде есебін алуды жүзеге асыру үшін Көлік министрлігі қажетті жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өту пункттерінде халықаралық автомобильдер тасымалының қызметін құрады.

5. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, "Қазақстан жолдары" компаниясы, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өту пункттерінде шекаралық, кедендік, санитарлық-карантиндік, мал дәрігерлік және фитосанитарлық бақылауды Қазақстан Республикасынан (ТМД-ға қатысушы

мемлекеттерден) көркем, тарихи және басқа да мәдени құндылықтардың әкетілуіне бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті үйлер мен коммуникацияларды жабдықтауды, адамдардың, көлік құралдарының жүктер мен өзге де мүліктің Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өтуіне бақылау жасауды жүзеге асыратын шекара әскерлерінің бақылау-өткізу пункттеріне кедендік және басқа да мекемелерді орналастыруға арналған қызмет үйлерін және коммуникациялар бөледі.

6. Адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен өзге мүлікті оңайлата өткізу пункттері Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісілген, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерімен белгіленеді. Оңайлата өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес белгіленеді.

7. Көлік ұйымдарының лауазымды адамдары шетел жаққа кетіп бара жатқан пломбыланған вагондарды, автомобильдерді, контейнерлерді, трюмдерді және теңіз, өзен мен әуе кемелерінің өзге де орындарын шекара әскерлері өкілдерінің талап етуі бойынша ашып көрсетуге міндетті.

Арнайы рұқсат қағаздары ресімделген пломбылаулы вагондарды, автомобильдерді, контейнерлерді, трюмдерді және жүгі бар көлік құралдарының өзге де орындарын шекара әскерлері буып-қаттауы, пломбылары мен мөрлері бүтін болған жағдайда, сондай-ақ бұларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын бұзушыларды немесе Қазақстан Республикасына әкелу яки Қазақстан Республикасынан әкету үшін тыйым салынған заттар мен материалдарды жасыру белгілері болмаған жағдайда ашпайды.

8. Қазақстан Республикасының аумағын малдың жұқпалы ауруларынан күзету мақсатында Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының өн бойында карантин алқабы белгіленеді, онда мал дәрігерлік қадағалау органдарының ұсынысы бойынша шекаралық әскерлер эпидемиологиялық және эпизоотиялық жағдайға байланысты кәсіпорындарға, ұйымдар мен азаматтарға қарасты малды ұстау мен жаюға тыйым салуы мүмкін. Бұған мемлекеттік шекарада тікелей тұратын (жұмыс істейтін) азаматтардың, сондай-ақ карантин алқабында орналасқан шекара әскерлері бөлімшелерінің малын (үй жануарларын) ұстау мен жаю кірмейді.

Карантин алқабын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді. Оны қоршауды атқару өкіметінің органдары шаруашылықтар мен ведомстволар қамтамасыз етеді. Ондағы мал дәрігерлік режимді Қазақстан

Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі немесе оның тапсыруы бойынша шекаралық облыстардың мал дәрігерлік қадағалау органдары а й қ ы н д а й д ы .

9. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы шекара алқабы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ұсынысы бойынша белгіленеді, шекара алқабының ені ахуал мен жергілікті жағдайдың ерекшеліктеріне қарай Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

10. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті немесе оның тапсыруы бойынша шекаралық облыстардың әкімдері жергілікті жағдайды ескере отырып, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, республиканың басқа да заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің келісуі бойынша шекара аймағы мен шекара алқабындағы режим туралы қаулылар мен ш е ш і м д е р б а с ы п ш ы ғ а р а д ы .

11. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мемлекеттік шекараны күзетудің қажеттілігі, инженерлік бөгеттер тұрғызу, шекаралық жолдар, көпірлер мен басқа да объектілерді салу үшін шекара әскерлеріне оларға бұрын бөлінген жерлерді, сондай-ақ шекара алқабынан да, одан тысқары жерлерден де ені 30-50 м. жер алқабын және Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының өн бойынан 5 метрлік алқапты тұрақты түрде пайдалануға тегін бекітеді.

12. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті республиканың мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, ішкі істер органдары берген өткізу қағазынсыз шекара аймағында жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша кіруге құқы бар лауазымды адамдардың тізбесін белгілейді.

13. Шекара аймағында тұрақты тұратын азаматтар бүкіл шекара аймағының шегінде Қазақстан Республикасының шекаралық облыстарының аумағында ішкі істер органдарының рұқсатынсыз; өткізу қағаздарынсыз жүріп тұра алады.<\*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармақтың 2-сөйлемі алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.07.12. N 1063 қаулысымен.

14. Оқуға кеткенге дейін шекаралық аймақ пен шекаралық алқаптың елді пункттерінің тұрғындары болып келген жоғары, арнаулы орта және басқа оқу

орындарының оқушылары, студенттері бұл пункттерге олардың оқу орындарында оқитындығын куәландыратын құжаттар бойынша, олардың шекара аймағы мен шекара алқабы елді пункттерінен оқуға кеткендігін растайтын жергілікті атқару органдарының анықтамалары бойынша келеді.

15. Қазақстан Республикасының азаматтарына шекара аймағына келу, онда болу құқығына өткізу қағазын жеке арыздар немесе тиісті өтініштер және сол арыздар мен өтініштердің негізділігін растайтын құжаттар негізінде тұрған жері бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары береді.

Басқа мемлекеттердің тұрғындары шекара аймағына, егер халықаралық шарттар мен келісімдерде өзгеше көзделмесе, жеке арыздары және сол арыздарының негізділігін растайтын басқа құжаттар негізінде тұрған жері бойынша тиісті ішкі істер органдары берген рұқсат қағаздары бойынша келеді.

Шекара аймағының тұрғындары болып табылатын, бірақ одан уақытша кеткен 16 жасқа дейінгі балалар ата-аналарынсыз (қамқоршыларынсыз) жүрген кезде бұл аймаққа тууы туралы куәліктері бойынша, ал бұлар болмай қалғанда - олардың шекара аймағында тұратындығын растайтын жергілікті атқару органдарының анықтамалары бойынша келеді. Шекара аймағының тұрғындары болып табылатын балалар оған ата-аналарымен (қамқоршылармен) бірге келеді де сол адамдардың рұқсат қағаздарына енгізіледі.

16. Азаматтар тобы колхоздардың (совхоздардың) ауыл шаруашылығы жұмыстарын өткізуіне, маусымдық теңіз және өзен кәсіпшілігіне көмектесу үшін , малды жайылымдарға айдап апару, құрылыс, іздестіру және өзге жұмыстарды жүргізу үшін, сондай-ақ туристер тобы, артистер бригадалары және шекара аймағында тұрмайтын азаматтардың басқа да ұжымдары шекара аймағына келгенде өткізу қағазы топ жетекшісінің атына берілуі мүмкін, онда бірге келген адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттар мен келген жердегі мүдделі кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың (колхоздарды қосқанда) лауазымды адамдары қол қойып растаған әрі елтаңбалы мөр басылған жетекшінің қолындағы атаулы тізім бойынша олардың саны көрсетіледі.

17. Шекара аймағында, шекара алқабында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың (меншіктің кез келген нысанындағы) басшыларына шекара аймағына, шекара алқабына келуге және осы аймақта, алқапта тұруға рұқсаты жоқ адамдарды жұмысқа қабылдауға тиым салынады.

18. Қызметтік іс-сапарына, ауруханаларға, санаторийлерге, демалыс үйлеріне, пансионаттарға, басқа да емдеу-сауықтыру мекемелеріне баратын Қазақстан

Республикасының, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің азаматтары шекара аймағында іс-сапар куәліктері, бағыттамалар, жолдамалар (курсовкалар) бойынша, жеке басын куәландыратын құжаттар болғанда келеді.

19. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (соның ішінде республикалық ұланның, темір жол, құрылыс және басқа арнайы құрамалар мен бөлімдердің), әскерлердің және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының әскери қызметшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының прокуратура органдары мен соттарының прокурорлық-тергеу қызметкерлері, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары шекара аймағына олардың жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша және қызметтік ұйғарымдар, өту куәліктері, іс-сапары мен демалыс құжаттары бойынша келеді. Аталған адамдардың отбасы мүшелері шекара аймағына отбасының қожасымен бірге келерде оның қызметтік ұйғарымына немесе демалыс билетіне жазылады, ал аталған адамдарға өз бетімен барушылар - жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша және отбасы қожасының қызмет орны берген анықтамалар бойынша келеді.

Бұл баптың ережелері ТМД-ға қатысушы мемлекеттер әскерлерінің, қауіпсіздік, ішкі істер органдарының әскери қызметшілері мен олардың мүшелеріне де қолданылады.

20. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен (соның ішінде Республикалық ұланнан, темір жол, құрылыс және басқа арнайы құрамалар мен бөлімдерден), әскерлер мен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерінен босаған әскери қызметшілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының прокуратура органдары мен соттарының прокурорлық-тергеу қызметкерлері, Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарынан босаған қатардағы және басшы құрамының адамдары, егер олар осы жерден шақырылған болса немесе онда жақын туысқандары болса, шекара аймағына қызметтік ұйғарымдары немесе өту куәліктері бойынша келеді, ал міндетті әскери қызметке шақырылған адамдар шекара аймағына тиісті әскери комиссариаттардың олардың баратын пункті көрсетілген жіберілген атаулы тізімдері мен ұйғарымдары бойынша келеді.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің әскерлерінен, қауіпсіздік және ішкі істер органдарынан босаған әскери қызметшілері шекара аймағына, егер олар сол



жерден шақырылған болса немесе жақын туысқандары болса, қызметтік ұйғарымдар немесе өту куәліктері бойынша келеді.

21. Жергілікті және халықаралық тасымалдауды жүзеге асырушы яки темір жолдар мен тас жолдары, су жолдарын, тиісті көлік құралдарын, сондай-ақ мұнай құбырларын, байланыс пен электр қуатын беру желілерін жөндеу мен пайдалануды қамтамасыз ететін кәсіпорындардың, ұйымдардың тұрақты қызметкерлері шекара аймағына қызмет қажеттілігі жағдайында, осы қызметкерлер үшін белгіленген еңбек міндеттері мен жұмыс учаскелерінің (рейстерінің, маршруттарының) шегінде өздерінің қызметтік куәліктері бойынша к е л е д і .

22. Қазақстан Республикасы мен шекаралық облыстардың халық депутаттары , шекара аймағының аумағы ведомстволық жағынан бағынышты облыстық атқару органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары халық депутаттарының куәліктері немесе қызметтік куәліктері бойынша келеді.

23. Шекара аймағына орналасқан балалардың (мектептердің) сауықтыру мекемелеріне баратын балалар бұл аймаққа ұйымдасқан түрде, өту қағаздары немесе іс-сапар құжаттары бар өздерін алып жүруші адамдармен өту қағаздарынсыз келеді. Аталған балалар мекемелеріне орналасқан балалардың ата-аналары балаларына жолығу мақсатында шекара аймағына жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша және балалар мекемелеріне жолдама берген кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың анықтамалары бойынша к е л е д і .

24. Ұлы Отан соғысына қатысушылар және жеңілдіктер бойынша соларға теңестірілген адамдардың арасындағы мүгедектер шекара аймағына олардың жеке басын куәландыратын құжаттар және Ұлы Отан соғысына қатысушы куәліктері (жеңілдіктер алу құқығы туралы куәліктер және мүгедектігі туралы құ ж а т т а р ) б о й ы н ш а к е л е д і .

Туысқандарының қайтыс болу (науқастану) жағдайы бойынша шекара аймағына баратын азаматтар осы аймаққа олардың жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша және емдеу мекемелері растаған тиісті телеграммалар ( анықтамалар) бойынша, туысқандарының жерленген жеріне барған кезде - жергілікті атқару органдарының анықтамалары бойынша келеді.

25. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша келген шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шекара аймағына,

соның ішіндегі шекара маңы аймағындағы еркін экономикалық аймаққа (қалаға) келуі және онда болуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Барлық жағдайда олардың шекара аймағына келуі мен онда болуына рұқсатты Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша ішкі істер органдары береді.

Қазақстан Республикасының азаматтары, соның ішінде шетелде тұрақты тұратын, шетел азаматтығын алған олардың отбасының мүшелері шекара аймағында тұратын туысқандары мен таныстарына жолығу үшін барғанда бұл аймаққа жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша және аталған туысқандары мен таныстарының жергілікті атқару органдары растаған шақырулары немесе телеграммалары бойынша келеді.

Қызмет, қоғамдық, жеке істері бойынша, емделуге және демалуға немесе туристер ретінде шетелдерге барған Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасына келген кезде шекара аймағына орналасқан өзінің тұрақты тұратын жеріне шетелдік паспорттар немесе ұлттық паспорттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасына қайтуы жөніндегі куәліктері бойынша б а р а д ы .

26. Шекара аймағына баратын адамдар тиісті пунктіне келісімен үш күн мерзім ішінде өзінің құжаттарын тіркеу немесе тіркелім жасау үшін ішкі істер органдарына немесе жергілікті өкімет органдарына тапсыруға міндетті.

27. Шекара аймағы шегінде әкімшілік орталықтары, мектептері, ауруханалар, басқа мекемелер, кәсіпорындар (бірлескен, шаруа) және ұйымдар, колхоздар (фермерлік, жалгерлік, шаруа шаруашылықтары) еркін экономикалық аймақтың (қаланың) шаруашылық құрылымы орналасып, ал оларға қызмет көрсететін азаматтардың бір бөлігі шекара аймағынан тысқары жерде тұрған жағдайда, бұл азаматтарға олардың жеке басын және сол жерде жағдайда тұратынын растайтын құжаттар бойынша келуге рұқсат етіледі.

Тиісті жерлердің тізбелерін шекара әскерлерінің келісуі бойынша шекаралық облыстардың өкімет пен басқару органдары белгілейді және жергілікті халық х а б а р д а р е т і л е д і .

28. Сотталған немесе бас еркінен айыру орындарынан міндетті түрде еңбекке тартуға шартты түрде босатылған адамдардың шекара аймағы шегіне келуі жалпы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Шекара аймағына психоневрологиялық диспансерлер (ауруханалар) мен еңбекпен түзеу мекемелерін орналастыруға, әдетте, жол берілмейді.

30. Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен, Көлік министрлігімен, теңіз және өзен көлігі басқармасының органдарымен бірлесе отырып, шекара аймағында орналасқан темір жол стансаларының, разъездерінің және басқа тоқтату пункттерінің, автостансаларының, темір жол және өзен порттарының, порт-пункттері мен айлақтарының, аэропорттар мен аэродромдардың тізбелерін, сондай-ақ аталған пункттерге бару үшін азаматтардың жол жүру құжаттарын ресімдеу тәртібі туралы және темір жол, әуе, теңіз, өзен және автомобиль көлігі қызметкерлерінің шекара аймағына келу құқы жөніндегі жолаушылардың құжаттарын тексеру тәртібі туралы нұсқамаларды бекітеді.

31. Көлік кәсіпорындары мен ұйымдары ішкі істер органдары берген жеке басын куәландыратын құжаттарды және шекара аймағына баруға құқық беретін өткізу қағазын немесе шекара аймағына өткізу қағазынсыз баруға құқық беретін тиісті құжаттарды көрсетуі бойынша жолаушыларға шекара аймағында орналасқан стансаларға, порттарға, айлақтарға және аэропорттарға деген теміржолмен, автомобильмен, теңізбен, өзенмен және әуе көлігімен жүру үшін билеттер сатады және қызметтік жүріп-тұру билеттерін береді.

Шекара аймағына бару құқына арналған тиісті құжаттары жоқ жолаушыларға билет сатуға жол берген адамдар, сондай-ақ көлік құралына мінгізген жүргізушілер (машинистер), бұл үшін Қазақстан Республикасының заңына с ә й к е с ж а у а п б е р е д і .

32. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өту құқына арналған құжаттары бар, шекара аймағы арқылы аялдап өтетін жолаушыларға, соның ішінде шетелге бара жатқан жолаушыларға олардың жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша поездарда, самолеттерде, кемелерде және автобустарда жүруіне рұқсат етіледі.

33. Шекара аймағы аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына жақын орналасқан аудандардың, қалалардың, поселкелердің, селолардың (ауылдардың) аумағына немесе шекара аймағы белгіленбеген, шекара әскерлері қорғайтын теңіз жағалауында кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға (колхоздарды қоса) және азаматтарға тиесілі, балық аулайтын, аң аулайтын, ғылыми-зерттеу, спорттық және басқа өздігінен жүретін, өздігінен жүрмейтін кемелер, сондай-ақ мұз үстіндегі қозғалысқа арналған

құралдар (аэрошаналар, буерлер, мотошаналар) осындай кемелерге және мұз үстіндегі қозғалыс құралдарына қадағалауды жүзеге асыратын органдарда белгіленген тәртіппен тіркелуден бөлек, шекара әскерлерінің таяу арадағы бөлімшелерінде тіркеуден өтуге тиіс, бұл туралы олардың иесінің тіркеу құжаттарына арнаулы штамп қойылады.

Аталған кемелермен мұз үстіндегі қозғалысқа арналған құралдар белгіленген айлақтарға, кемежайларға және тірек бекеттеріне бекітілуі керек және олардың тұруына арналған тұрақты орны болуға тиіс.

Бұл кемелердің, сондай-ақ мұз үстіндегі қозғалысқа арналған құралдардың тиесілілігін тану үшін олардың иелері әуеден көрінетін жерлерге таным белгілерін салады, ал жақтауына белгіленген тәртіппен тіркеу нөмірін жазады.

Шекара әскерлерінің осы тармақта көзделген кемелерді тіркеу тәртібі әскери кемелерге және Әскери-Теңіз Күштерінің өзге де кемелеріне, сондай-ақ тиісті теңіз және өзен порттарына бекітіліп, белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақбалықөнеркәсіп кәсіпорындары мен ұйымдарына, басқа да министрліктер мен ведомстволарға (Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитеті бекіткен тізбе бойынша) тиесілі кемелерге таратылмайды.

34. Өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелермен, мұз үстіндегі қозғалыс құралдарымен азаматтар шекара әскерлері күзететін теңіз жағалауында, шекарадағы өзендер, көлдер және өзге су тоғандарының жағалауларында уақытша болған кезде олардың иелері шекара әскерлерінің таяу маңдағы бөлімшелерінде уақытша есепке алынуға және белгіленген айлақтарда, кемежайлар мен тірек бекеттерінде ұсталуға тиіс.

35. Теңіз жағалауындағы шекара әскерлері күзететін маңайдағы шекара аймағы белгіленбеген шекара аймағының, сондай-ақ аудандар, қалалар, поселкелер және селолар (ауылдар) аумағының шегіндегі айлақтар, кемежайлар және тірек бекеттері тиісті әкім немесе халық депутаттарының Кеңестері мүдделі кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың (колхоздарды қоса) ұсынуы бойынша айқындайтын жерлерде құрылады.

Белгіленбеген айлақтарда, кемежайларда, тірек бекеттерінде және осы үшін бөлінбеген басқа да орындарда өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелерді, мұз үстіндегі қозғалыс құралдарын сақтау мен қоюға, адамдарды мінгізуге және түсіруге, жүктерді тиеуге және түсіруге, зілзала мен авария жағдайынан басқа кезде тыйым салынады.

36. Құжаттарды ресімдеу мен өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелердің, мұз үстіндегі қозғалысқа арналған құралдардың теңізге және

шекарадағы өзен, көл тағы басқа су тоғандарының қазақстандық бөлігіне шығуының тәртібін, олардың аумақтық теңізде, Қазақстан Республикасының ішкі суларында, шекарадағы өзендермен өзге де су тоғандарының қазақстандық бөлігінде жүру мен қозғалу тәртібін, осымен бірдей дәрежеде аталған кемелер мен құралдар үшін айлақтарды, кемежайларды және тірек бекеттерін жабдықтаудың тәртібін Қазақстан Республикасының шекара әскерлері Бас басқармасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

Кәсіпорындар, мекемелер, және ұйымдар (кез келген меншік нысандарындағы) тиісті айлақтарды, кемежайлары және тірек бекеттерін белгіленген тәртіппен жабдықтауға, олардың күзетілуі мен шекара әскерлерінің бөлімшелерімен байланысын қамтамасыз етуге міндетті. Азаматтарды осы объектілерді күзетуге қатысты жұмысқа қабылдау шекара әскерлерімен келісіліп жүргізіледі.

37. Осы Ереженің 34, 35, 36 және 37 тармақтарының өздігінен жүретін, өздігінен жүрмейтін кемелер мен мұз үстіндегі қозғалысқа арналған құралдарды есептеу және ұстау, олардың республика суларында жүзу мен қозғалу бөлігіндегі тәртіп шекара әскерлері күзетпейтін Арал теңізінің жағалауына да таратылады (өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелер мен мұз үстінде қозғалуға арналған құралдарды шекара әскерлерінің бөлімшелерінде есепке қоюдың тәртібінен басқасы).

38. Шекарадағы кеме жүретін өзендерде, көлдер мен өзге де су тоғандарында балық аулау Қазақстан Республикасының Халықаралық шарттарына сәйкес шекара әскерлерінің рұқсаты бойынша және Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізіледі<\*>.

Ескерту: 38-тармағына өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.05.1996 ж. N 609 қаулысымен.

Шекарадағы кеме жүрмейтін өзендерде балық аулауға шекара әскерлері ерекше жағдайларда рұқсат етуі мүмкін.

39. Әуесқой балықшылардың, туристердің және спортшылардың теңізге, шекарадағы кеме жүретін өзендердің, көлдердің, өзге де су тоғандарының қазақстандық бөлігіне шығуына тәуліктің жарық мезгілінде, шекара әскерлері берген өткізу қағаздары бойынша тіркелген өздігінен жүретін, өздігінен жүрмейтін кемелер мен мұз үстіндегі қозғалысқа арналған құралдарда, қараңғы түскенге дейін белгіленген айлақтарға, кемежайлар мен тірек бекеттеріне оралатын етіп рұқсат етіледі.

Теңізге шыққанда жағалаудан екі мильге дейін ұзауға жол беріледі.

40. Шекара әскерлері күзететін теңіздің жағалауларындағы, шекарадағы өзендердің, көлдердің және басқа су тоғандарының жағалауларындағы шомылуға арналған орындарды, оларды жабдықтау мен пайдаланудың тәртібін шекара әскерлерімен келісе отырып, жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

41. Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің кемелері аумақтық теңіздегі, Қазақстан Республикасының ішкі суларындағы, шекарадағы өзендер мен өзге де су тоғандарының қазақстандық бөлігіндегі кемелерге (катерлерге) түн мезгіліндегі қажет кезде орнатылған шамсыз жүзуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда кемелердің (катерлердің) командирлері басқа кемелермен соқтығысып қалуды болдырмайтын шаралар қабылдауға міндетті.

42. Шекара аймағындағы аң аулаудың тәртібі шекара әскерлерімен келісіледі.

Шекара өтетін жерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы мен шекара әскерлерінің шекара өтетін жерден тыс орналасқан инженерлік қоршауы арасындағы жерлерде аң аулауға тыйым салынады.

43. Шекара өтетін және мемлекеттік шекара мен шекара әскерлерінің қоршау жерлері тұрған аралықтағы тұста, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына (келісімдеріне) сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік және қорғаныстық маңызды құрылыстар мен зілзаланы жоюға, аса хауіпті жұқпалы аурулармен күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты жұмыстардан басқа құрылыс, шабу және басқа жұмыстар шекара әскерлерінің келісімімен жүргізіледі.

44. Адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен өзге де мүліктерді шекара арқылы өткізуді ресімдеудің тиісті тәртібін қамтамасыз ету мүддесімен белгіленген Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеттеріндегі режим, сондай-ақ тиісті бақылауды жүзеге асыратын шекара әскерлерінің, кеден және басқа мекемелердің бақылау-өткізу бекеттерін құру және қызмет жағдайына қолдау көрсету бөтен адамдардың бекеттердегі олар үшін жабық өткізу орындарына және шетелге бара жатқан көлік құралдарына еніп кетуін болдырмауға ықпал етуге тиіс.

Мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттеріндегі режимді белгілеудің тәртібін Қазақстан Республикасының шекара әскерлері Бас Басқармасы Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен және ведомстволармен

келісе отырып ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы негізінде және соны орындау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуді жүзеге асыратын министрліктер мен ведомстволар, аэропорттардың, теңіз және өзен порттарының, темір жол мен автомобиль вокзалдарының, станцияларының, бастықтары жергілікті жағдайды ескере отырып өздерінің бұйрықтарын (нұсқауларын) шығарады, оларды шекара әскерлерімен, кеден органдарымен және ішкі істер органдарымен келіседі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеттері болып табылатын аэропорттарда, теңіз және өзен порттарында, теміржолдарда, автомобиль вокзалдары мен станцияларында шекара әскерлері аэропорттарының, станциялардың, вокзалдардың әкімшіліктерімен бірлесіп, шекара және кеден бақылауы жүзеге асырылатын орынды айқындайды. Шекара әскерлері бұл жерлерге қосымша режим тәртібін енгізеді.

45. Оларға сеніп тапсырылған шетелге бара жатқан көлік құралдарында адамдардың заңсыз жүруіне жол берген қазақстандық теңіз және өзен кемелерінің капитандары, әуе кемелерінің командирлері, теміржолдағы поезддардың бастықтары, вагондардағы жолсеріктер, автомобиль көлігінің жүргізушілері бұл үшін Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жауап береді.

46. Шекара аймағының шегінде, ал ол белгіленбеген жерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы маңындағы аудандар, қалалар, поселкелер, селолар, ауылдар немесе шекара әскерлері күзететін теңіз жағалауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы теңіз, ішкі сулар шекарадағы өзендер мен өзге де су тоғандарының қазақстандық бөлігі шегінде мыналар жүзеге асырыла алады:

а) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің рұқсатымен - әуе кемелерінің барлық үлгілерінің ұшуы және аэрофото түсірулер, геологиялық, топографиялық жұмыстар.

Қорғаныс Министрлігінің рұқсатымен және Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерімен келісіп-шекара өтетін және мемлекеттік шекара мен шекара әскерлерінің инженерлік қоршау желілері тұрған аралық жердегі жұмыстар;

б) Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің рұқсатымен-геологиялық, гидротехникалық, жол және өзге іздестірулер, сондай-ақ шекарадағы өзен, көл және өзге су тоғандарының су режимі өзгеруіне байланысты гидротехникалық, мелиоративтік және басқа жұмыстар, жергілікті жерді кино-фотоға түсіру, соның ішінде шекара аймағының шегінде.

47. Шекара өтетін және мемлекеттік шекара мен шекара әскерлерінің мемлекеттік қоршау желісі тұрған аралықтағы жерге онда тұрақты тұрмайтын Қазақстан Республикасының азаматын өткізу өндірістік немесе қызметтік қажеттілік кезінде ғана жүзеге асырылады. Бұл азаматтарды өткізудің және уақытша болуының тәртібін, сондай-ақ аталған жерлердегі ауыл шаруашылық жұмыстары мен өзге де қызметтерді жүргізудің тәртібін жергілікті атқару органдарымен келісе отырып шекара әскерлері белгілейді.

Шекара өтетін және шекара әскерлерінің инженерлік құрылыс желілері тұрған жерде орналасқан елді мекендерге өткізудің тәртібі шекара аймағындағыдай жүзеге асырылады.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің (колхоздарды қоса) басшылары шекара өтетін және мемлекеттік шекара мен шекара әскерлерінің, инженерлік қоршау желілері тұрған аралықтағы тұста өткізілуі көзделген ауыл шаруашылығы және басқа жұмыстардың уақыты, орны мен сипаты туралы шекара әскерлерінің бөлімшесіне күні бұрын хабардар етуге және жұмыс істейтін азаматтардың белгіленген шекара режимін сақтауын қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

48. Шекара әскерлері және Әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау жөніндегі тапсырмаларды орындай отырып, қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы қолданады:

а) қару-жарақ пен жауынгерлік техника:

Қазақстан Республикасының аумағына қарумен басып кіруді әскери топтар мен бандылардың әуеден шабуыл жасауын тойтару үшін;

- Мемлекеттік шекарадағы қарулы арандатудың жолын кесу үшін;

- Шекара әскерлері мен әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне қарулы шабуылды тойтару үшін;

- күтпеген жерден жасалған қарулы шабуылды тойтару және Қазақстан Республикасының шекарасын бұзушы басқа да қарулы қарсылықтарды тыю үшін ;

- жауынгерлік техниканы пайдаланған шабуылды тойтару үшін;

- ұсталған адамның тартып алынған қарумен қашқан кезінде ескертусіз



қ о л д а н ы л а д ы ;

б) "Тоқта!" деп дауыстап, жоғары қарай ескерту оғын атқаннан кейін қару-жарак пен жауынгерлік техника:

- Шекарашылардың, шекараны немесе халықты қорғау жөніндегі қоғамдық парызын орындаушы адамдардың өміріне тікелей қауіп төнген және оның бетін қайтарудың басқадай әдістері мүмкін болмаған жағдайда қарусыз адамның шабуылын тойтару мен қарсылығын тыю үшін;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын бұзғаны үшін ұсталған адамдар қашуға әрекет жасаған кезде, егер олар қарсылық көрсетіп, шекарашының өміріне анық қауіп төнсе;

- Әуе кемесін алып қашқаны үшін және бұған басқа әдісті қарсы қоюдың мүмкіндігі қалмаған кезде;

- азаматтарды олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген шабуылдан, сондай-ақ кепілге ұсталғандарды босату үшін қолданылады.

49. Қазақстан Республикасының аумағындағы теңізде, ішкі суларда, шекарадағы өзендер мен өзге су тоғандарының және ашық теңіздің қазақстандық бөлігіндегі сулардағы шекара әскерлерінің кемелерінің (катерлерінің), авиациясының қару-жарак қолдануға хұқы бар:

а ) е с к е р т у с і з :

- Қазақстан Республикасының шекарадағы кемелеріне (катерлеріне) қарулы шабуылды тойтару үшін немесе шетел кемелерінің қазақстандық жағалауларға, су астындағы және су үстіндегі қазақстандық объектілерге қарулы әрекетін (ату және т. б . ) тыю үшін;

оларды Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінде, ішкі суларда, шекарадағы өзендер мен өзге су тоғандарының қазақстандық бөлігінде тоқталып, ұстаған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын бұзушы - теңіз (өзен) кемелерінің қарулы қарсылығын тыю үшін;

б) ескерту оғын атқаннан (дүркін-дүркін) кейін:

- теңіз (өзен) кемелерін алып қашуды болдырмау үшін және оған басқа әдіспен қарсылық көрсетудің мүмкіндігі қалмағанда;

- мемлекеттік, кооперативтік және жеке теңіз (өзен) кемелерін қарулы шабуылдан қорғау үшін, оларды басқадай қорғау шараларының нәтижесі болмағанда қ о л д а н а д ы .

Кемені нысанаға алу Қазақстан Республикасының суларында басталып, үздіксіз жүргізілген жағдайда, ашық теңіздегі шекара кемелері (катерлері) қару

қ о л д а н а д ы .

50. Шекара әскерлерінің ұшақтары мен тікұшақтары:

- әскери топтар мен бандалардың Қазақстан Республикасының аумағына қарулы шабуыл жасап басып кіруін тойтару, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы қарулы арандатушылықтың жолын кесу үшін;

- Шекара әскерлерінің кемелеріне (катерлеріне) оларға жасалған қарулы шабуылды тойтару кезінде көмек көрсету үшін немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын бұза отырып, қарулы қарсылық көрсеткен кемелерді тыю үшін қару-жарақ қолданады.

51. Шекара әскерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын бұзған әуе кемелері мен басқа да ұшатын аппараттарға, шетелдің әскери кемелеріне, соның ішінде сүңгуір қайықтарға қатысты қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен және Қорғаныс министрлігімен келісіп қолданады.

52. Шекара әскерлерінің әскери қызметшілері мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі қызметте жүрген кезде қару-жарақты сондай-ақ дабыл белгісін беруге немесе көмекке шақыруға пайдалануға хұқылы.

53. Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері, Әскери-Теңіз Күштері мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа да түрлері қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы шекара әскерлерінің Қазақстан Республикасының аумағына қарулы шабуыл жасаған әскери топтар мен бандаларды тойтаруына, мемлекеттік шекарадағы қарулы арандатудың жолын кесуіне жәрдем көрсеткен кезде, сондай-ақ мемлекеттік шекараны бұзған әуе кемелеріне, басқа да ұшу аппараттарына, шетелдің әскери кемелеріне, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағындағы теңіз бен ішкі суларында әшкереленген сүңгуір қайыққа қатысты қорғаныс министрлігі белгілеген тәртіппен қолданады:

54. Шекара әскерлеріне:

- егер олар қарулы қарсылық көрсетпесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын бұзған адамдарға қатысты, соның ішінде оларды ұстаған кезде кері оралуға әрекет жасаған адамдарға қатысты;

- егер шекараны бұзу анық кездейсоқ немесе мемлекеттің шекараға жақын жерде ауыл шаруашылық және басқа жұмыстарды атқаруға байланысты (аң аулау, мал жаю, саңырауқұлақ, жидек, отын жинау және басқа), сондай-ақ өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелерде шомылу мен жүзу кезінде

орын алса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын шекарашылардың көзінше бұзған адамдарға қатысты;

- шекарадағы режим мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеттеріндегі режимді бұзғаны үшін ұсталған адамдар қашуға әрекеттенген кезде;

- егер олар қарулы қарсылық көрсетпесе Қазақстан Республикасының аумағындағы суларында (аумағындағы теңізде) және шекарадағы өзендердің, көлдердің және басқа су тоғандарының Қазақстандық бөлігінде кәсіпшілікпен шұғылданып жүрген шетелдің балық аулайтын және басқа кәсіпкер кемелеріне қатысты;

- егер мемлекеттік шекараны бұзудың нақты қаупі болмаса Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына жақын орналасқан шекара аймағындағы аудандардың, қалалардың, поселкелердің, селолар мен ауылдардың аумағындағы жолдармен немесе шекара әскерлері күзететін теңіз жағалауымен жүріп бара жатқан және шекара әскерлерінің аялдау туралы талаптарын орындамаған автокөлік құралдарына қатысты;

- Қазақстан Республикасының шекарасынан өтіп бара жатқан хайуанаттарға;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара режимін бұзушыларға қару қолдануға тыйым салынады.

55. Қару қолданған кезде, әдетте, Қазақстан Республикасының аумағына қарулы шабуыл жасап басып кіруді тойтару, қарулы адамдардың жолын кесу мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қарулы бұзушылармен бетпе-бет жүздесуден басқа жағдайларда, шектес мемлекеттердің аумағына оқ пен снарядтардың ұшуына жол берілмейді.

Қаруды заңсыз қолданған адам Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тәртіпке шақыратын, қылмыстық немесе өзге жауапкершілікке тартылады.

56. Мемлекеттік шекараны тікелей қорғайтын шекара әскерлерінің бөлімшелеріндегі қару мен оқ-дәріні сақтаудың, берудің тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық хауіпсіздік комитеті айқындайды.

57. Қажет жағдайда, шекара әскерлері құрамалары мен бөлімдері командирлерінің қарауы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғауға тартылған жекелеген азаматтарға шекараны қорғау жөніндегі әрекеттер кезеңінде оқ ататын, суық қарулар берілуі мүмкін, бұл орайда шекара әскерлерінің құрамалар (бөлімдер) командирлері бұл

азаматтардың қаруды қолданудың тәртібі туралы осы Ережеде көзделген талаптарды орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

58. Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі міндеттерін орындаған кезде шекара әскерлеріне арнаулы құралдарды (қол кісен, резеңке таяқ, көзден жас ағызатын, қолдануға рұқсат етілген және басқа заттар (газдар), назарды басқа жаққа аударып жіберетін жарық-дыбыс қондырғысы, көлікті күшпен тоқтатуға арналған қондырғы, күрестің жауынгерлік әдістері мен қызметтік иттер) қолдану қ ұ қ ы б е р і л е д і .

Бұл құралдарды қолдану мен пайдаланудың тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайды.

59. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын бұзған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар, егер олар қылмыстық жауапкершілікке тартылмаса және шектес мемлекеттердің шекарадағы өкіліне берілмесе, Қазақстан Республикасында құруға қалдырылуы немесе одан қуылуы мүмкін.

Бұл шараларды жүзеге асырудың тәртібін Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайды.

60. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, шекара әскерлерінің басшылығына, күзетші кемелердің (катерлердің) отрядтарына, бригадаларына, жекелеген бақылау - өткізу бекеттеріне, КХР-дың шекараны қорғау өкілдерімен уағдаластық бойынша мемлекеттік шекараның қолданылып жүрген режимін ұстау, қақтығыстарды реттеу, қылмысты-элементтердің шекараны бұзғаны, зілзала, қауіпті аурулар, азаматтардың жоғалуы туралы хабарлау жөніндегі шараларды үйлестіру үшін олармен шекара өкілдерінің кездесуін өткізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және басқа мүліктерді өткізуді жүзеге асыру жөніндегі жұмыста байланыс пен өзара іс-қимылды қолдану о т ы р у ғ а р ұ қ с а т е т і л е д і .

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 30 маусымдағы  
N 552 қаулысымен

Бекітілген

**Аумағының шегінде шекара аймағы белгіленетін  
аудандардың, қалалардың, селолық, ауылдық кеңестердің,**

темір жол стансаларының, әуе-жайлардың және өзен кеме  
айлақтарының

ТІЗБЕСІ

картасы 1: 200000

1974 жылғы басылымы

Алматы облысы

Райымбек ауданындағы Нарынқол, Жамбыл, Текес, Тегістік, Көкбек, Қайнар, Сарыжаз, Шалкөде, Қарасаз, Сарыбастау, Сүмбі, Қызылшекара, Шибүтін, Көмірші селолық кеңестері шегінде.

Ұйғыр ауданындағы Көлжат, Кіші Диқан, Кетмен, Дардамты селолық кеңестері шегінде

Талдықорған облысы

Панфилов ауданы - толығымен.

Гвардия ауданындағы Калиновка, Чкалов, Көксу селолық кеңестері шегінде.

Көксу ауданы - толығымен.

Талдықорған ауданы - толығымен.

Қапал ауданындағы Арасан, Суықсай селолық кеңестері шегінде.

Сарқанд ауданындағы Аманбөктер, Покатилов селолық кеңестері шегінде.

Үйгентас ауданындағы Лепсі селолық кеңесі шегінде.

Алакөл ауданындағы Достық поселкелік кеңесі және Арғайты селолық кеңесі шегінде.

Семей облысы

Мақаншы ауданы - толығымен.

Ақсуат ауданындағы Ойшілік, Құмкөл, Екпін, Ақсуат селолық кеңестері шегінде.

Шығыс Қазақстан облысы

Тарбағатай ауданы - толығымен.

Зайсан ауданы - толығымен.

Марқакөл ауданы - толығымен.

Катонқарағай ауданы - толығымен.

Темір жол стансалары

Талдықорған облысы

Алматы темір жолының Достық, Жалаңашкөл, Көктұма, Ақши стансалары мен N 13, 16, 19 разъездері.

Әуежайлар (АӘФ-ның жергілікті әуе жолы)

Талдықорған облысы

Панфилов ауданының Жаркент қаласы

Семей облысы

Ақсуат ауданының Ақсуат селосы  
Мақаншы ауданының Қабанбай селосы  
Шығыс Қазақстан облысы

Зайсан ауданының Зайсан қаласы  
Тарбағатай ауданының Ақжар қаласы  
Марқакөл ауданының Алексеевка селосы  
Марқакөл ауданының Боран селосы  
Катонқарағай ауданының Катонқарағай селосы  
Өзен айлақтары

Іле пароходствосының Борахұдзыр және Дүбүн айлақтары,  
Жоғарғы Ертіс пароходствосының Приозер, Боран айлақтары

Республиканың шекара маңындағы облыстарының жоғарыда көрсетілген аудандарының, қалаларының, поселкелерінің, селолық (ауылдық) кеңестерінің барлық автобекеттері (автостансалары) шекара аймағына